

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің Ғылым жаршысы (пәнаралық) = Вестник науки Казахского агротехнического университета им. С.Сейфуллина (междисциплинарный). - 2018. - №4 (99). - Б.133-143

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАНДА «ТӘУЕЛСІЗ» БІЛІМ БЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Муханбеткалиев Е.Е., филос.ғ.к.,
Аринов Е.К.*

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті

Андатпа

Мақалада авторлар еліміздің тәуелсіздігін тарихи жадымызды жаңғыртушы, төл санамызды ұлықтаушы, тарихи тұлғаларымыздың ұстанымдары мен ой-толғамдары жайлы дұрыс таным-түсінік қалыптастырушы мүмкіндік ретінде қабылдай отырып, Ресей империясының, оның кейінгі мұрагері Кеңес Одағының қазақ жеріндегі отарлық білімі мен сол отарлық білімге жаны қас болған қазақ ойшылдарының білім беру туралы ой-толғамдарына талдау жасайды. Білім беру өте маңызды, күрделі, әрі өте жауапты үдеріс. Әсіресе тәуелсіздігін енді алған «жас» ел үшін білім беру саласын дұрыс жолға салу кезек күттірмейтін мәселе. Мәселенің маңыздылығы бөгде елдің отары болған елдің тәуелсіздік алғаннан кейін білім беру саласын отарлаушы елдің бөгде сана шырмауынан дер кезінде «сауықтыру» керектігімен айқындалады.

Білім берудегі отарсыздану үдерісі отаршылық әкелген бөгде санадан, қате таным-түсініктен арылудың бірден бір жолы. Білім сананы ағартады, отарлық сананың шеңберін бұзады және жаңа көзқарас қалыптастыруға негіз болады. Мәселе білімнің төл санаға пайда әкелетін немесе пайда әкелмейтін түрлерін дұрыс анықтап алуда. Осы жерде қазіргі заманғы тәуелсіз еліміздің азаматтарының көзқарастарын және қоғамдық сананы қалыптастырушы отандық тарих, әдебиет және ұлттық философияның орны да, маңыздылығы да, құндылығы да анықталмақ. Сондықтан мақалада авторлар «Қоғамдық ғылымдардың қазіргі жай-күйі қандай? Бұл ғылымдар тәуелсіз елдің тәуелсіз санасын қалыптастыра алып отыр ма? Отарлық сана қалыптастырған дүниетанымдық негіздерден арылды ма? Отарлаушылар жазып берген тарихымызды қайта зерделей алдық па? Қазақ халқының тарихына, қазақ ойшылдарына объективті пікір бере алдық па?» сияқты сұрақтарға жауап іздейді.

Кілт сөздер: тәуелсіздік, отарлық саясат, отарлық білім беру, сана, төл сана, тарих, жадидизм, еуропацентризм, ориентализм, ағартушылық.

Кіріспе

Әр халық өмір сүру тарихында сан қилы кезеңдерден өтеді. Қазақ халқы этнос болып қалыптасу тарихынан бастап осы уақытқа дейін бірлігі жарасқан, «қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған» мамыражай заманды да, ұлт ретінде жойылу қаупі төнген «қилы замандарды» да басынан өткізді. Бұған тарих куә. Жау қолынан қаза болып жатса да, батыр ұлдары сатқындықтың, жауыздықтың құрбаны болып жатса да, ашаршылықтан жартысына жуығы қырылып жатса да, тірі қалғандары тоз-тоз болып, бірі шекара асып жан сауғалап, бірі өз жерінде тағдырдың талқысында иленіп жатса да қазақ ұлттық болмысын, ұлттық тәуелсіздігін сақтап қалуға деген ұмтылысын еш уақытта жоймаған. Тарихқа көз жүгіртсек, қазақ жерінде өмір сүрген біздің арғы ата-бабаларымыз саналатын хұндар, сақтар, үйсіндер, қаңлылар, одан берідегі көк түркілер елдігін, бірлігін сақтауды мұрат қылған. Қазақ этнос болып тарих сахнасына шыққаннан бергі кезде де осы мұрат өзгерместен халықтың бойынан көрініс тапты. Асан Сәбитұлының болашақта халықтың басына орнайтын «Қилы заманды» болжап, халықтың болашағына қам жеп «Қайғы» атануы, «Жер Ұйық» идеясын елдік сана деңгейіне көтеруі, Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз, Ақтамберді, Бұқар жыраулардың «Ел» мен «Жер» үшін қам жеуі, қазақ саяси тәуелсіздігінен айрыла бастаған тұстағы «Зар заман» ойшылдарының зары, қазақтың тәуелсіздігі үшін күрескен Алаш Ордашылардың елдік мүдде

жолындағы арпалысы, М. Әуезов, Е. Бекмаханов, Қ. Сәтпаев сынды тағдыры тауқыметке толы қазақ ұлдарының тәуелсіздікке деген аңсары, қазақ халқы тәуелсіздігін алғаннан кейінгі кезеңдегі қазақтың тілін, дінін, ұлттық болмысын жаңғыртудағы мемлекеттік тұрғыда жасалынып жатқан харекеттер, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» Стратегиясындағы «Мәңгілік Ел» идеясы қазақ халқының тәуелсіздікке деген мұратының бір сәтке де ұмытылмағанын дәлелдейді.

Қазақ халқының тәуелсіздікке деген осы аңсары 1991 жылдың 16 желтоқсанында шындыққа айналды. Бұл күн – ата-бабаларымыздың ешбір өзге елге бағынбайтын, азат ұлттық мемлекет құру туралы мұратының, арманының орындалған күні. Сондықтан Қазақстан Республикасының азаматы ретінде тәуелсіздікті құндылық ретінде сезіну және тәуелсіздік туралы ой қозғау біз үшін міндет, борыш.

Осы орайда еліміздің тәуелсіздігін тарихи жадымызды жаңғыртушы, төл санамызды ұлықтаушы, тарихи тұлғаларымыздың ұстанымдары мен ой-толғамдары жайлы дұрыс таным-түсінік қалыптастырушы мүмкіндік ретінде қабылдай отырып, Ресей империясының, оның кейінгі мұрагері Кеңес Одағының қазақ жеріндегі отарлық білімі мен сол отарлық білімге жаны қас болған қазақ ойшылдарының білім беру туралы ойларын талдау – басты мақсатымыз.

Зерттеу әдістері

Зерттеудің теориялық және методологиялық өзегі отандық және шетел ғалымдарының тәжірибелік және методологиялық еңбектеріне сүйенеді. Мақаланың зерттеу объектісі болып отырған мәселенің бір ғана зерттеу әдісімен жан-жақты ашыла қоймайтыны ескеріліп, философияның біршама зерттеу әдістері қолданылды. Негізінен салыстырмалы зерттеу әдісі басшылыққа алынып, жүйелі зерттеу талаптары мен мағыналық-құрылымдық талдау өлшемдері ескерілді.

Зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері

Білім беру өте маңызды, күрделі, әрі өте жауапты үдеріс. Әсіресе тәуелсіздігін енді алған «жас» ел үшін білім беру саласын дұрыс жолға салу кезек күттірмейтін мәселе. Мәселенің маңыздылығы бөгде елдің отары болған елдің тәуелсіздік алғаннан кейін білім беру саласын отарлаушы елдің бөгде сана шырмауынан дер кезінде «сауықтыру» керектігімен айқындалады. «Бүгінгі жастар болмысының ертең қалай қалыптасарына білім берудің әсері зор. Еліміздің өркениетті елдер көшінен қалмай, басқалармен терезесін тең ұстауы да білім-ғылымды дамытумен байланысты» [1]. Ахмет Байтұрсынұлы айтпақшы, «дүнияда ерге теңдік, кемге кеңдік, азды көпке теңгеретін, елсізді елдіге теңгеретін, жоқты барға теңгеретін ғылым менен өнер» [2]. Ғылымның елді елмен, халықты халықпен теңгеретіні заман шындығы.

Ресей империясы толықтай

Мақаланың негізгі мәтіні философияның дәстүрлі методологиялық негіздеріне сүйенген. Атап айтқанда, мақалада авторлар тарихилық принципін, салыстырмалы талдауды, логикалық пен тарихилықтың бірлігі принципін, абстрактіліктен нақтылыққа өрлеу принципін қолданды. Сонымен қатар, мақалада аксиологиялық және герменевтикалық талдаудың кейбір қырлары қазақ ойшылдарының білім беруге қатысты ой-толғамдарын жан-жақты қарастыруда философиялық іргетасқа айналды.

өзінің боданына айналдырған түркі халықтарының арасындағы бауырмал әлеуметтік-саяси байланыстарды, рухани жақындықты, ортақ түркілік рухты әлсіретіп, орыстандыруға тырысқаны тарихтан белгілі. Орыстандыруды отаршылдар халықтардың саяси, әлеуметтік, экономикалық, рухани өміріне қатысты ұйымдасқан түрде кезең-кезеңімен, арнайы дайындалған бағдарламаларға сәйкес жүргізді. Осы мақсатта дайындалған арнайы бағдарламалардың бірі – түркі халықтарының арасында отарлық білім беру саясаты еді.

Отарлық білім беру саясатын жүзеге асыру үшін алдымен түркі халықтарының өмір сүру тәсілінің ерекшелігі, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, наным-сенімі, тарихы жайлы тыңғылықты зертеулер жүргізілді және отаршылдықтың идеологиясын бойына сіңірген миссионерлерді дайындады. 1869 жылы Мәскеуде

құрылған миссионерлік қоғамы орыстандыру идеясын жүзеге асыру міндетін атқарды. В.В. Григорьев, В.В. Вельяминов-Зернов, Н.Ф. Костылецкий, И.К. Березин, Н.И. Ильминский, А.Е. Алекторов, В.Н. Витебский, Н.П. Остроумов сияқты тағы да басқа миссионер-ғалымдар түркі халықтарын танып-білуге ұмтылды. Орыстың миссионер-ғалымдары түркі халықтары арасында орыстың тілін таратуда және бойында Ресейдің отарлық санасын арқалаған білімдерін беруде шешуші қызмет атқарды. Сөзіміз дәлелді болуы үшін мұрағаттық құжаттардан алынған тарихи деректерге жүгінейік.

Алаш мұраларын зерттеуші ғалым Тұрсын Жұртбай «Сүре сөз» еңбегінде: «Бұратана жұрттың әдеби үлгілерін жиып, оны іріктеп, бастыруға үлкен үлес қосқан Қазақ халқының «ең сенімді досы», Ы. Алтынсариннің миссионер-ұстазы Н.И. Ильминский өзінің мақсатын ешқандай қысылып-қымтырылмастан 1891 жылы 27 желтоқсан күні В.Н. Витебскийге: «Бұратаналарға білім беру жүйесінің түпкі мақсаты – бұратаналарды орыстандыру және дінін де, тілін де мүлдем ұмыттырып, бүтіндей орысқа сіңіріп жіберу. Міне, соған ұмтылуымыз керек», [3] – деп ашық жазды. «Бұратана» халықтардың арасында мектептердің ашылып, халыққа зайырлы білім беруінің астарында орыстандыру саясаты жатқандығын Түркістан мұғалімдер семинариясының 25 жылдық мерекесінде Н.П. Остроумовтың жасаған баяндамасынан да көруге болады. Ол баяндамасында:

«Русско-государственные задачи и стремления нашего отечества по отношению к инородцам состоят, в обрусении... еще другая задача – способствовать слиянию киргиз с русскими в один целый политическо-государственный организм», [4] – деп тайға таңба басқандай ашық айтқан еді.

Отарланған халықтарды орыстандырудың шешуші кілті – аралас мектеп немесе әртүрлі саяси-әлеуметтік жағдайларға орай ашылып отырған мектептер мен кейбір кәсіптік оқу орындары болды. Ағарту министрлігі мен миссионерлердің шет аймақтағы бұратана халықтар арасында ашылатын, бірақ негізінен орыстандыру саясатын көздеген аралас мектептерге ерекше мән берілді. Түркі халықтары үшін мектептер ашудың түбінде оларды сауаттандырып, ғылым-білімге тарту емес, керісінше өздерінің күнделікті саяси-әлеуметтік мұқтажына қызмет етер төменгі дәрежелі қызметкерлер даярлау мақсаты жатқантын. Отарлық біліммен сусындаған қазақ балаларының алған білімдерін халықтың пайдасына жұмсамай, ұлықтарға қосылып алып, халқын талауға жәрдемші болып жүргендерін көрген Абай сияқты ойшылдардың миссионерлердің бұл ойын түсінбеуі мүмкін еместін. Түсінбесе, Абай ұлықтардың сойылын соғып жүргендерді: «Жорғалықпенен көңілін алсам екен деген надан әке-шешесін, ағайын-жұртын, дінін, адамшылығын жауырынынан бір қаққанға сатады. Тек майордың күлгені керек деп, к...і ашылса да, қам жемейді. Орыстың

ғылымы, өнері – дүниенің кілті, оны білгенге дүние арзанырақ түседі. Ләкин осы күнде орыс ғылымын баласына үйреткен жандар соның қаруымен тағы қазақты аңдысам екен дейді. Жоқ, олай ниет керек емес» [5] – деп сынамас еді.

Абайдың жиырма бесінші қара сөзінде: «Турасын ойлағанда, балаңа қатын әперме, енші берме, барыңды салсаң да, балаңа орыстың ғылымын үйрет! Мына мен айтқан жол – мал аяр жол емес. Құдайдан қорық, пендеден ұял, балаң бала болсын десең – оқыт, мал аяма! Әйтпесе, бір ит қазақ болып қалған соң, саған рахат көрсете ме, өзі рахат көре ме, я жұртқа рахат көрсете ме?» [5, 109] – дейді. Абай балаға білім берудің қажеттілігін ашып көрсетеді. Бала бала болсын десең қатын әпермесең де, енші бермесең де оған білім үйрет. Жай білім емес, орыстың білімін үйрет. Бұл сөзден соң Абай орысшыл болған, орыстың отарлық саясатын қолдаған деген жалған пікірлер тумауы қажет. Орыс білімін, ғылымын меңгерудің астарында отарлыққа болысушылық емес, қайта одан сақтану жатыр. «Зарарынан қашық болу, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек... Сен оның тілін білсең, көкірек көзің ашылады. Әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі оныменен бірдейлік дағуасына кіреді, аса арсыздана жалынбайды» [5, 109]. Тілін, оқуын, ғылымын меңгерсең, олардың әрекеттерінің қазақ үшін пайдалы тұсын және зиянды тұсын аңғарасың, олардың пиғылын түсінесің. Аңғарып қана қоймай, көкірек көзін ашылса, бірдейлік дағуасына кіресің.

Күштінің қаруын меңгермей күшінді теңестіре алмайсың. Орыстың қаруы оның ғылымында, білімінде, егер оның ғылымын меңгерсең, «аса арсыздана жалынбайсың». Онымен тең тұрасың, халқыңды басыбайлықтан құтқару үшін күресесің, қорлығына көнбейсің.

Сондықтан қазақтарға орысша оқу керек, бірақ алдымен «құлшылық қыларлық қана, түркі танырлық қана таза оқыса болады» [5, 109]. Абай бірден орыс ғылымын меңгер демейді, алдымен түркі танырлық сауатыңды аш, өз халқынның мәдениетін, тарихын, дәстүрін, дінін біл. Одан кейін «араб, парсы керек» [5, 109]. Араб пен парсы мәдениетінің қазақпен рухани байланысы, ортақ тарихы мен ортақ діни мүддесі бар. Өз жұртынның дүниетанымы бойынша негіз қалыптастыр, сосын барып орыс мәдениетін меңгеруге кіріс.

Жоғарыда отаршылдардың «бұратаналарға» білім беріп, мектеп ашуларының астарында орыстандыру саясаты жатыр деген болатынбыз. Бұл Абайдың білім алу, ғылым меңгеру туралы ойларына мүлдем кереғар саясат. Абай жұрт ісін түзейтін оқу-тәрбие жұмысы екендігін жақсы түсінген. Бірақ бұл іс өз тілінде, халықтық тәрбиеде жүргізілсе құба-құп. Және оқығанда да, «қазаққа күзетші болайын деп, біз де ел болып, жұрт білгенді біліп, халық қатарына қосылудың қамын жейік деп ниеттеніп үйрену керек» [5, 110]. Абай ұсынған оқудың мақсаты осы. Орыс ғылымын «соның қаруымен тағы қазақты аңдысам екен» деп емес, қазаққа күзетші болайын деп оқы, халық

қатарына қосылудың қамын же. Бұл орыс миссионерлерінің ағарту жүйесіне мүлдем қарсы мақсат еді. Олардың көздегені ұлттық тілін, мәдениетін, дәстүрін ұмытқан, отаршылдардың сойылын соғатын адамдар жасап шығаруын. Бұл мақсат үшін отаршылдар түрлі-түрлі әдістерді ойлап тапты. Соның бірі – араб қарпі негізіндегі қазақ жазуын кирилл қарпіне ауыстырып, сол іске қазақтан шыққан оқыған азаматтарды тарту еді.

Қазақ халқының ғасырлар бойы қолданып келген араб графикасы негізіндегі жазуын кирилл қарпімен алмастырудың салдарын академик М.Мырзахметов «Қазақ қалай орыстандырылды?» еңбегінде былай түсіндіреді: «Күнделікті тұрмыста ғасырлар бойы қолданып келе жатқан арабша жазуын кириллицамен алмастыруда – бүкіл халықтың келер ұрпағын ата-баба салтынан, ұғым-нанымынан, тарихи естегі дәстүрлік жалғастығынан үзіп, рухани жағынан қалай илесен солай қарай жығыла беретін көнбіс құлға айналдыру мақсаты жатты» [6]. Патшалық Ресей кезінде жоспарланған боданындағы түркі халықтарының араб қарпі негізіндегі жазуын кирилл жазуына ауыстыру ісі кеңестік кезеңде де өз мақсатынан ауған жоқ. Орыс отаршылдарының мұндай әрекетіне қазақ зиялыларының көбісі наразылық танытып жатты. Мәселен, А. Байтұрсынұлы: «...қазақты орысқа аударамыз деген пікір бәрін бүлдіріп отыр. Школдар қазақ тілін жоғалтып, орыс тіліне түсіреміз дейді. Сол үшін балалар

орыс әрпімен оқысын дейді... Хүкметке керегі мемлекеттегі жұрттың бәрі де бір тілде, бір дінде, бір жазуда болу, ал халыққа керегі – өз діні, тілі, жазуының сақталуы» [2, 268] – деп орыс әрпімен оқуға қарсылығын көрсетті.

Қарсылықтардың көптігінен орыс жазуына бірден көшу қауіп тудыратындығын ескерген Сталин уақытша латын жазуын ендіре тұру керек деген кеңеске құлақ асып, 1929 жылы латын жазуын қабылдады. Ал 1940 жылы латын жазуының орнына халықтың қалауы бойынша деген жасанды сылтаумен орыс жазуы кириллицаға көшірілді. Бұған қарсылық болмады, себебі қазақ жерінде болған ашаршылық, одан кейінгі 1937 жылғы қазақтың оқыған, білімді азаматтарын репрессиялаудан зәрезап болған халықтың қарсылық жасауға дәттері бармады.

Философия ғылымдарының докторы Г.Батыгин Кеңес Одағының бұл әрекетінің әсерін: «Сталинские репрессии обрели такой масштаб, что во многих регионах была истреблена национальная интеллигенция, которая является носителем исторической памяти народа... В Азербайджане, Казахстане, Молдавии традиционный алфавит был заменен кириллицей. Корни культуры, державшейся на многовековой традиции, были подрезаны» [7] – деп сипаттаған еді.

Ресей империясы осылайша өзінің түркі халықтарын орыстандыру саясатын отарлық білім беру және жазу қарпін ауыстырумен жүзеге асырғысы келді. Осы саясатты түсінген зиялы

қауым түркі жұртының бірлігі болмайынша, түркілік рухты оятпайынша отарлықтың «қайыс қамытынан» құтыла алмайтынын жақсы білді. Абайдың насихатымен сусындаған ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақ зиялыларының

Япыр-ай, айрылдық па қалың топтан,
Шабылып қайтпайтұғын жауған оқтан?!
Түріктің жолбарыстай жүрегінен,
Шынымен қорқақ болып жаудан бұққан?!
Шарқ ұрып ерікке ұмтылған түрік жаны,
Шынымен ауырды ма, бітіп халы?!
От сөніп жүректегі құрыды ма
Қайнаған тамырдағы ата қаны?!
Бауырым! Сен о жақта, мен бұ жақта
Қайғыдан қан жұтамыз. Біздің атқа
Лайық па құл боп тұру? Жүр, кетелік
Алтайға, ата мирас алтын таққа [8]

– деп жырлады.

Заманында дүниені дүр сілкіндірген түркі рухының отаршылдықтың салдарынан іріп-шірігенін, «жауған оқтан қайтпайтұғын, түріктің жолбарыстай жүрегінен» жаралған, «ерікке ұмтылған түрік жанды» түркі халықтарының бірігетін уақыты жеткенін жырлаған М. Жұмабаев сынды ойшылдар оқу-білімді отарлық саясат негізінде жасалған ескі әдіспен емес, зайырлы білім беруді көздейтін жаңа әдіске сай ұйымдастыру төңірегінде топтасты. Осы тұста қазақ зиялыларының түркішілдік идеясы жадиализм идеясымен ұштасты.

«Жадит» термині ХІХ ғасырдың екінші жартысында қалыптасты. «Жадид-и» арабтың «жаңа» деген мағына беретін сөзі. Алаштанушы ғалым Д. Қамзабекұлы жадиализм идеясына «Алаштың рухани тұғыры» еңбегінде: «ХІХ

шоғырын топтастырған ортақ мұрат – бодандық бұғауында жаншылған елін құлдықтан, құлдық санадан құтқару, тарихи жадыны жаңғырту, өзге өркениетті елдер қатарына қосутын. Осы ортақ мұрат үшін Мағжан Жұмабаев:

ғасырдың соңында Ресей империясын әлемдік озық педагогика тәжірибесіне сәйкес, алғаш рет мұсылман балаларын дыбыс жүйесімен оқытуды қырым-татары, күллі зиялының аузында жүрген ағартушысы Исмаил Гаспринский бастайды. Бұл жүйе «усул жадит» деп аталады. Қырымдағы Бақшасарайдың Зинд-жирлы медресесінде басталған осы жаңаша оқыту әдісі санаулы жылдарда Ресейдің күллі аймағына, тіпті шетел – Үндістанға дейін тарайды», [9] – деп сипаттама бере келе, жадиализмді бағытының қазақ жерінде кең өріс алып, Алаш қозғалысына ұласу шағын 1910-1920 жылдарды қамтыды деп көрсетеді.

Жадиализм – саяси сипаттағы ағым емес, ағарту ісі мен руханиятты тұтастай қамтыған идеялық негізі бар ағым еді. Жадиализмдер отаршылықтан

құтылудың бірден-бір жолы түркі жұртының «тілде, ойда, істе – бірлігі» және халыққа білім беру арқылы санасын жаңғырту деп білді. Мектептер мен медреселерде жүргізілетін оқу жүйелерін «жаңа әдіске» сай реформалап, діни сабақтармен қатар ғылымның әр саласынан хабар беретін арифметика, жағырапия, тарих, жаратылыстану, тіл пәндерін жүргізуді алға қойды. А. Байтұрсынұлы, М. Жұмабаев, М. Дулатұлы т.б. қазақ зиялылары жадид бастамасын батыл қолдай отырып, қазақ даласында «жаңа әдіс» бойынша сауат ашуды қолға

Анау қырда татар тұр,
Басқалармен қатар тұр.
Мынау ойда қазақ тұр,
Қастарында азап тұр.
Мынау жерде хадим тұр,
Қарқарада жаны тұр,
Ілініп-салынып әлі тұр,
Біреді күндік халі тұр.
Анау жерде жадиттер,
Одан біздер үміткер,
Олардан тәлім алмасаң,
Көрген күнін болар тар [10].

Хадим – ескіше оқу. Ілініп-салынып тұрған ескіше оқумен ғылымы мен білімі озып тұрған елдер қатарына жете алмайсың. Өркениетті елдердің көшіне ілесу үшін жадиттердің ұсынған оқу үлгісін қолдану керек. Анау тұрған татарлар, жапондар білім мен ғылым меңгеру арқылы еңселерін көтерді, олар да қазақтар секілді «ұйықтап» жатқан халық еді. Күштінің қаруын меңгермей онымен теңесе алмайсың. Күштілердің қаруы – ғылым-білімінде. Сондықтан сол қаруды меңгеруге барша жұрт болып ат

алды, бар күштерін халыққа миссионерлік пиғылдан ада оқу-білім үйретуге жұмсады. Мәселен, «жаңа әдіске» сәйкес А. Байтұрсынұлы араб әрпі негізінде қазақ әліпбиін жасады және оқытылуын, жазылуын (төте) көрсетіп берді. Қазақ елінде «Қазақ», «Айқап», «Серке» секілді әр түрлі газет, журналдар шыға бастады, қазақ балаларына арналып қазақ тілінде оқулықтар басылды. Қазақ зиялыларының жадидизм ағымын бөтенсімегенін С. Торайғыровтың мына өлең жолдарынан көруге болады:

салысуы керек. Алаш зиялыларының ойы осы сарындас еді. Бірақ, күшіне енген Кеңес үкіметі «панисламист», «пантүркист» деген жалған желеумен түркі халықтарының тілде, дінде, ойда және істегі бірлігін жырлаушы қазақ зиялыларын түрлі себептермен қудалап, «халық жауы» ретінде репрессияға ұшыратты. Мәселен, А. Байтұрсынұлы №1 «пантүркист» ретінде И.В. Сталиннің тікелей бақылауында болды. Ғұмыр бойы қудалануда болған А. Байтұрсынұлы 1937 жылы 6 желтоқсанда «халық жауы»

ретінде атылды. Оның барлық еңбектері пантүркистік, антикеңестік пиғылда деген жала жабылып, жиналып-теріліп өртелінді. Тіпті, оның атын атап, шығармаларын сақтаған азаматтар ұлтшыл буржуазия өкілі, халық жауы ретінде лагерьлерге қамалып, «ит жеккенге» айдалып, ату жазасына кесіліп те жатты. Бұл тек А. Байтұрсынұлының басына түскен нәубет қана емес, Ресей империясының боданы болған барлық түркі жұртының зиялыларына келген зауал еді.

Ресей империясының өте ұзаққа созылған отарлық білім беруінің нәтижесінде ұлттық тілін, мәдениетін, дәстүрін ұмытқан, отаршылдардың сойылын соғатын адамдар, өзінің бойынан не төл мәдениеттің болмысын, не бөгде мәдениеттің болмысын таппай шатасқан, шекаралық халдегі мәңгүрттер қалыптасты. Мұндай адамдар үшін ұлттық болмыс, ұлттық сана, ұлттық рух, ұлттық дәстүр, ұлттық мақтаныш және тағы сол сияқты ұғымдар жат. Олар үшін «ұлттық» деген мәселенің қойылуы да жөнсіз. Жөнсіз болатыны пайдасыз, тәрбиесіз алынған білімдер бұл ұғымдарды санадан өшіріп тастаған.

Сананың өшуін мәңгүрттік, санасы өшкен, өткенін ұмытқан адамды мәңгүрт адам деп жатамыз. Ал осы мәңгүрт адам қалай жасалады? Мәңгүрттікке отарлық білім берудің қатысы қаншалықты?

Мәңгүрт адам жайлы Шыңғыс Айтматовтың «Ғасырдан да ұзақ күн», Әбіш Кекілбаевтың «Күй» шығармасынан кездестіруге болады.

Мәңгүрт жасаудың адамның шашын алып тастап, басына түйенің терісін кигізіп, күннің астына байлап тастау немесе үңгірлерде тамшылап тұратын су тамшысының астына бірнеше күн отырғызу секілді әдістері белгілі. Бұл әдістер адамды физикалық күштер арқылы мәңгүрт қылдырады. Сонымен қатар адамды рухани күш, яғни білім арқылы да мәңгүрт қылуға болады екен. Мұны Шыңғыс Айтматовтың романынан көруге болады.

Мәңгүрттік және білім арқылы мәңгүрттендіру мәселесін алғашқы болып Шыңғыс Айтматов көтерді. Оның «Ғасырдан да ұзақ күн» романы КСРО заманының шынайы бет-бейнесін егжей-тегжейлі ашып көрсеткен роман. Тәрбиесіз, пайдасыз алынған білімнің адамның адамшылығын бұзатыны, адамның бойындағы ұлттық намысын, ұлттық мінезін жоятыны, тарихи сананы ұмыттыратыны өте шебер бейнеленген. Романның кейіпкері Сәбитжан – пайдасыз білімді бойына сіңірген азамат. Автор оны былай сипаттайды: «Бір қарасаң – тәп-тәуір жігіт сияқты. Білмейтіні жоқ, жағын безеп сайрап тұр, ал бірақ, берекесіз болғанда берекесіз. Әкесі марқұм оны оқытпаған интернат, институт атаулы бұл төңіректе, әй, қалмаған шығар. Бірақ не керек, жөнді адам шыға қоймады [11]. Сәбитжанның бар болмысы әкесі Қазанғаптың қазасынан кейін, Қазанғапты жерлеу кезінде барынша көрінеді. «Сөйтсе айналайын білімпаз Сәбитжан әкесін құрметтеп шығарып салу үшін емес, апыл-ғұпыл көме салу үшін келген болып шықты. Ау, жер түбіндегі Ана-бейітке сандалып не керек,

табалдырықтан аттап шықсаң дүниенің қиырына дейін Сарыөзектің қу даласы көсіліп жатқан жоқ па? Жер жетпей ме сонша!»[11, 29]. Қазақ халқында өсиет деген, адамның өлер алдында айтқан соңғы сөзі, соңғы тілегі деген ұғымдар бар. Соңғы тілекті орындау парыз. Қазанғап өзінің Ана-Бейітке жерленуін тілек қылған. Ана-Бейіт – мәңгүрт ұлының (Жоламанның) қолынан қаза тапқан Ананың зираты еді. Қазанғаппен талай жыл қызмет жасасқан Едіге оның соңғы тілегін орындауға дайын болғанмен, танымы бөлек мәңгүрт Сәбитжан бұған қарсы болады. Сәбитжан үшін парыз, өсиет ұғымдарының еш мәні жоқ. Парызды орындау қиынға түсуі мүмкін болғандықтан, ол ата жолына қолын бір сілтеп, өзіне ыңғайлысын жасамақшы. Әкесінің соңғы сөзін орындамай, алыстағы Ана-Бейітке жерлемей-ақ, жақын жерге жылдамырақ жерлей салғысы келеді. Романда Сәбитжанның әйелінің, балаларының атасын соңғы сапарға шығарып салудың орнына, оның өліміне қайғырудың орнына, білім алу жолында аянбай еңбектеніп жататыны да суреттелген. «Әйелінің келмеген себебі: шетелдік меймандар қатысатын әлдебір конференцияда болуы керек екен. Сәбитжанның әйелі болмаса, конференция қараң қалатындай. Ал марқұм Қазанғаптың немерелері неге келмеді деп ешкім қазбалап жатқан жоқ. Сәбитжанның балалары болашақта институтқа түсу үшін тәуір аттестат алмақ болып, оқу үлгерімі жолында күресіп жатса керек. «Бұл жұрт не болып барады! –

деп Едігенің жаны жай таппады: – «Бұлар өлімді сыйламаса, тіршіліктің қадірін қайдан білсін! Бұлар қалай, не үшін өмір сүріп жүр өзі? Өмірдің мәні не сонда бұлар үшін?»[11, 31].

Сәбитжанның мәңгүрттігі әкесін жерлеп болғаннан соң мейлінше көрінеді. Олар Қазанғапты Ана-Бейітке жерлеуге келе жатқанда кедергіге тап болады. Ол кезде Ана-Бейіт орналасқан аймақ қоршалып, зират жойылып, сол жерге космодром салынайын деп жатқан еді. Ана-Бейітке жете алмай, Қазанғап соңын маңындағы бір төбеге жерленеді. Жерлеу рәсімі аяқталған соң Едіге Сәбитжанды шақырып алып, қасиетті зират жайын сөз етеді. Сауаты бар, оқымаған кітабы жоқ, қызметі облыста, кез келген адаммен сөйлесе алатын Сәбитжанға Едіге: «Ана-Бейітті жермен-жексен етуге болмайды ғой. Бұл тарих қой» – дейді. Сонда Сәбитжан: «Оның бәрі ерте-ертедегі ертеқой. Бұл арада қазір әлемдік, космостық мәселелер шешіліп жатыр. Ал, біз барып әлдебір зират туралы арыз айтқанымыз жараспайды ғой. Кімге керек ол? Олар үшін ол дегенін – тіфу! Қойсаңшы, шал, бос әуре ол. Мен барады деп иегің қышымай-ақ қойсың. Маған оның түкке де керегі жоқ»[11, 335] – дейді. Сәбитжанға халқының тарихының, халық үшін қасиетті саналатын Ана-Бейіттің түкке де керегі жоқ. Себебі Сәбитжан – мәңгүрт. «Ақыл сұрап, көмек күтетін адам Сәбитжандай бола ма, құдай-ау? Сауатты, оқыған бала, мұндайлар мен сияқты карапайым жұмысшыны тез түсініп,

тіл табысады деп үміттеніп қалды ғой. Оның түрлі курстарды тауысып, бәленбай институтта оқығанынан не пайда? Мүмкін, оны дәл қазіргісіндей қайырымсыз болсын деп оқытқан шығар. Сәбитжанның дәл қазіргідей Сәбитжан болып шығуы үшін көп күш жұмсаған эзезіл біреу отырған шығар бір жерде.

– Мәңгүртсің сен! Нағыз мәңгүрттің өзісің! – деп ашына күбірледі Едіге Сәбитжанды әрі аяп, әрі құсықтан да жек көріп»[11, 337]. Білім арқылы мәңгүрт жасауды Шыңғыс Айтматов осылай бейнелейді.

Білім берудегі отарсыздану үдерісі отаршылық әкелген бөгде санадан, мәңгүрттіктен арылудың бірден бір жолы. Білім сананы ағартады, отарлық сананың

Алынған деректерді талқылау және қорытынды

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі уақытта қазақ тарихына, мәдениетіне, ойшылдарына жаңа, объективті баға беруге ұмтылыс басталды. Осы уақыт аралығында қазақ тарихы мен мәдениетіне, ойшылдарына отарлық өлшемдерден ада баға бере алдық па? Әлде Ресей ғалымдарының көзімен жасалынған өлшемдерден аса алмай отырмыз ба? Қоғамдық ғылымдардың қазіргі жайкүйі қандай? Бұл ғылымдар тәуелсіз елдің тәуелсіз санасын қалыптастыра алып отыр ма? Отарлық сана қалыптастырған дүниетанымдық негіздерден арылды ма? Отарлаушылар жазып берген тарихымызды қайта зерделей алдық па? Қазақ халқының тарихына, қазақ ойшылдарына объективті пікір бере алдық па?

шеңберін бұзады және жаңа көзқарас қалыптастыруға негіз болады. Бұл жерде мәселе білімнің төл санаға пайда әкелетін немесе пайда әкелмейтін түрлерін дұрыс анықтап алуымызда. Осы жерде қазіргі заманғы тәуелсіз еліміздің философиясының орны да, маңыздылығы да, құндылығы да анықталмақ. Төл санаға пайдалы не пайдасыз білімдерді неліктен философия анықтауы керек деген сұрақ туындауы мүмкін. Себебі сана, төл сана және бөгде сана ұғымдары философияның категориялары. «Мектептерде, колледждерде, ЖОО-да беріліп жатқан білімдердің, әсіресе дүниетанымдық маңызы бар пәндер бойынша білімдердің жайкүйін философия анықтап, дұрыс бағыт-бағдар беріп отыруы қажет-ақ» [12].

Бұл сұрақтарға жауапты қазақ философиясының тарихы, оның ішінде Шәкәрімнің дүниетанымы бойынша мәселелер жазылған философиялық оқулықтарды мысалға келтіре отырып берейік. Оқулықтар арқылы сұрақтарға жауап беру, біріншіден, оқулық авторларының ғалымдық намысынан хабар береді; екіншіден, бұл оқулықтар колледждерде, ЖОО-да философия пәнін оқытуда басты оқулықтардың бірі болғандықтан, берілген оқулықтар оқушылардың, студенттердің бойында «тәуелсіз» сана қалыптастыра алып жүр ме деген сұраққа да жауап аламыз. Біздің мақсат Шәкәрімнің философиялық көзқарасын түсіндіру емес, Шәкәрімнің философиялық ойлары туралы жазылған

оқулықтардың авторларының көзқарасын, қазақ философиясын зерттеудегі әдістемелік өлшемдерін анықтау, сол арқылы философ ғалымдарымыздың «ғалым намысын» қандай дәрежеде екенін көрсету.

Жоғары оқу орындары мен колледждерде «Философия» пәнін оқытуда көп пайдаланылатын мына авторлардың оқулықтары: С.Мырзалы, Т.Ғабитов, Ж.Алтай, А.Қасабек, Ә.Нысанбаев, К.Әбішев, т.б. Осы авторлардың ішінен С.Мырзалының 2010 жылы басылған «Философия» оқулығын бірнеше мысал келтіруде қолданайық. Оқулықтың 333-ші бетінде: «Шәкәрімнің онтологиялық көзқарастарына келер болсақ, оны рационалистік діни философияға, нақтылай айтсақ деизм бағытына жатқызуға болатын сияқты»[13]. Шәкәрімнің философиялық көзқарасын Еуропалық философиядағы деизм бағытына жатқызу қаншалықты орынды? Деизм бағытына философиялық сөздіктен түсініктеме келтірейік: «Деизм (лат. deus – Құдай) – Құдайдың болғандығын, кейіннен өз заңдары бойынша дамиды дүниенің бейнесіз алғашқы себебі ретінде мойындайын ілім»[14]. Деизм – Құдайдың барлығын тек оның дүниені жаратуымен шектеп, дүние өздігімен өмір сүреді дейтін ілім. Мұндай ой Шәкәрімде кездеспейді. Шәкәрім, керісінше, деизмге қарсы ой айтады. «Мұсылмандық шарты» еңбегінде «жақсылық, жамандықты жаратқан Алла, сол себептен бәрі Алладан дейміз. Онан басқа Алла тағала дүниедегі пенденің ісіне тіпті

кіріспейді. Бнде өз сүйгенін қыла береді дейді. Бұл ой да теріс ой...» дей келе, «Енді дүниедегі іске Алла тағала кіріспейді деген кісіге жауабымыз: Егерде олай болса пайғамбар да жоқ дегенін болады. Себебі пайғамбар да әншейін өздігінен бір себеппен болған болады. Оның үшін Алла тағала дүние ісіне кіріспеген соң, қалайша пайғамбар жібереді және сауап, күнә, тілек – бәрі бекер болады. Себебі Алла тағала дүние ісіне кіріспесе тілекті де бере алмайды. Және әр нәрсе себептен болған болып, сауап іс қылғанға разы болып рахмет қылып, обал іс қылғанға жаза қылудың да қисыны жоқ... Сол себептен бұл сөздің де түбі теріс болады»[15] – дейді. Шәкәрімнің өзі деистік түсінікті теріс деп отырғанда, оның көзқарасын деизмге жатқызуымыз дұрыс болмас.

Бұл «Философия» оқулығында Еуропалық философияның тағы бір іліміне қатысты мынадай ой берілген. Автор Шәкәрімнің өлең шумақтарын келтіре отырып, «бұл шумақтан біз Шәкәрімнің тіпті деизмнен гөрі пантеизмге жақынырақ екенін жорамалдаймыз»[13, 333] – дейді. Пантеизмге философиялық сөздікте «пантеизм «гр. pan – бәрі және tcheos – Құдай) – Құдай табиғаттан тыс бола алмайды, ол табиғатпен барабар бейқам бастама дейтін философиялық ілім»[14, 332] деген анықтама берілген. Пантеизм Құдайдың өзін Табиғатпен теңейтін ілім. Құдай – Табиғат, Табиғат – Құдай. Шәкәрімнің: «Алла тағала бар, өздігінен бар, біреу бар қылған

емес, барлығының алды жоқ, бұрыннан бар, арты жоқ, ешқашан жоқ болмайды, өлмейді, тозбайды, өзгермейді. Алла тағала жалғыз не серігі жоқ, не теңдесі жоқ, ұқсасы жоқ және ешнәрсеге ұқсамайды. Кітапта бұл алты сипатын затия сипаты дейді. Олар мынау: бар, өздігінен бар, бұрыннан бар, жоқ болмайды, жалғыз, ешнәрсеге ұқсамайды» [15, 664]– деген ойларын оқи отырып, оның пантеистік көзқараста болғандығына күмән келтіреміз. Шәкәрім Алла жалғыз, серігі жоқ, теңдесі жоқ, өзгермейді деп тұр ғой. Келетін, кететін, толатын, солатын, туатын, өлетін, жанатын, сөнетін, күнде өзгертін Табиғатты Шәкәрім Алламен теңеді деуіміз оған жасалған қиянат болар.

Енді мысалға алынып отырған оқулықтағы Шәкәрімнің «Үш анық» деп аталатын философиялық трактаты туралы ойларға тоқталайық. Оқулықтың 336-шы бетінде: «Алғашқы да ақын екі анықты сөз қылады. Бірінші – ол ғылымдағы ақиқаттар, оған адамзат мыңдаған жылдар бойы ізденіп, зерттеп жетті. Екінші – діннің берген аяндары. Бұл, әрине, философия саласында мыңдаған жылдар созылып келген «ақыл-ой мен сенім ақиқаттары», олардың ара-қатынасы. Осы екі «аныққа» ойшыл үшінші – ар-ұжданды қосып оның іргелілігін баса айтады»[13, 336] – деген ойлар келтіріледі. «Үш анық» туралы жазып жүрген көптеген ғалымдар Шәкәрім бірінші анық ретінде материалистік дүниетанымды, екінші – теологиялық дүниетанымды, үшінші

анық ретінде – ар-ұжданды ұсынды деген жалған түсінікке бой алдырады. Аузынан Алласы түспеген Шәкәрімде қандай материалистік ойлар болсын. Шәкәрімнің «Үш анығын» «бірінші анық – дүниені құдайдың, жаратушының жаратқандығы, екінші анық – жанның ажалсыздығы, үшінші анық – жанның тілегі ұждан» [16, 88-97] – деп түсіндірген философ Рақымжанов Бақытжанның ойымен басқа да ғалымдар санасса, үлгі ретінде ұстанса, Шәкәрімнің «Үш анығын» түсінуде жаңсақ пікірге келмес еді.

Қазақ халқының төл хакімдерінің дүниетанымын тануда, түсінуде батыстық өлшемдерге сүйенеміз. Еуропалық философия тарихында болған түрлі ағымдарды қазақ философиясына теліп, ойшылдарды сол ағымдарға жатқызамыз, ағым арқылы көзқарасын анықтаймыз. Бұл, бәлкім, қазақ философиясын кәсіби философия (Еуропалық философия) деңгейіне көтеру ұмтылысынан туындаған шығар. Алайда, бұл ұмтылыс қате методологиямен жүретінін жоғарыдағы мысалдардан көруге болады. Дұрыс таным-түсінікке бастамаса да отарлық сана қалыптастырған Еуропалық философиясының өлшемдері арқылы қазақ философиясын зерттеуді, түсіндіруді жалғастыра беруіміз ғалымдық намысымызды оятуы керек. Қазақ философиясына қазақи өлшеммен келмесек, қазақ философиясының ұлттық сипатын сақтай отырып зерттемесек төл хакімдеріміздің сыры бізге

ашылмайды. Олай болғанда жақсы нәтижеге жете алмаймыз.

Ресей отаршылығы тарихқа айналғанымен, қазіргі уақытта Ресейдің отарлық саясатынан зардап шеккен ұлттық рух пен түркілік бірлікті жаңғыртудың да шешілмеген түйіндері бар екені белгілі. Бірлік дегенде бірліктің мағынасын дұрыс түсінгеніміз абзал. Бірлік, Абай айтпақшы: «ақылға бірлік, малға бірлік емес. Малыңды беріп отырсаң, атасы басқа, діні басқа, күні басқалар да жалданып бірлік қылады! Бірлік малға сатылса, антұрғандықтың басы осы...» [5, 95]. Сондықтан Қазақстан Республикасының қазіргі таңда мемлекеттік деңгейде жүзеге асырып жатқан «Рухани жаңғыру» бағдарламасының түркі халықтарының бірлігін, рухани тұтастығын, түбі бір түркілік тарихи жадысын жаңғыртуға, қазақ тілін латын қарпіне көшіру жөніндегі шешімдері бауырлас түркі халықтарымен қазіргі өркениетте қайта тоғысуына маңызды үлес қосатынына сенеміз.

Адам баласы тек бүгінгімен өмір сүрмейді. Оның бүгінгісімен қоса өткені мен болашағы бар. Грек ойшылы Питтак айтпақшы: «Қорқыныш пен үрей болашақта, тыныштық өткенде». Расында да, тыныштық өткенде, себебі өткен белгілі. Өткенге көңілі толушылық не өкініш сезімі әрдайым болады, бірақ өткенде қорқыныш жоқ. Болашақ белгісіз болғандықтан, қорқыныш болашақта. Болашақтың негізгі қасиеті – белгісіздік. Белгілі болса, болашақтың несі болашақ?! «Көк тұман алдындағы келер заман» [5, 12] – дейді Абай. Сондықтан еліміздің болашаққа қорықпай, үрікпей нық сеніммен аяқ басып аттауы үшін еліміздің білім беру жүйесінде отарсыздану үдерісін жүзеге асыру керек деп санаймыз. Білім беру саласында отарсыздану үдерісін жүзеге асыруға, ұлттық мәдени-рухани өзегімізді жаңғыртуға, қазақтық болмыстағы ұрпақ тәрбиелеуге тәуелсіздік жол ашады. Тәуелсіздіктің бағасы да, маңыздылығы да осы іс-шараларды атқару деңгейіне байланысты анықталуы керек.

Әдебиеттер тізімі

1 Kulzhanova Zh.T. Legal Culture as the Determinant of Value Orientations in Youth in the Society of the Transition Period (Philosophical Analysis) // International Journal of environmental & Science Education, 2016, Vol.11, NO.12.

2 Байтұрсынұлы А. Ақ жол. Алматы: Жалын. – 1991. – 464 б.

3 Жұртбай Т. Сүре сөз. Алматы: Экономика. – 2005. – 400 б.

4 Остроумов Н.П. Отчет Туркестанской учительской семинарии за XXV лет ее существования. Ташкент, 1906. – С. 25.

5 Абай Құнанбайұлы. Абай шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы. Т.2: Өлеңдер мен аудармалар. – 2005. – 336 б.

6 Мырзахметов М. Қазақ қалай орыстандырылды. Алматы: Атамұра. – 1993. – 128 б.

7 Батыгин Г.С. Вопросы по национальному вопросу: Межнациональные конфликты при социализме. Новое время. 1989, №18. – С. 25.

- 8 Жұмабаев М. Алматы: Жазушы. – 2002. – 400 б.
- 9 Қамзабекұлы Д. Алаштың рухани тұғыры. Астана: Ел-шежіре. – 2008. – 357 б.
- 10 Торайғыров С. Дүние дөңгелегі айналады: таңдамалы / ред. Қайран Ә. Халықаралық Абай клубы, Жидебай. – 2009. – 350 б.
- 11 Айтматов Ш. Ғасырдан да ұзақ күн. Астана: Аударма, 2011. – 456 б.
- 12 Kulzhanova Zh.T. Technology Development in the Terms of Built Environment Creation. Philosophical Analysis. // IEJME – Mathematics Education, 11 (7). 2016.
- 13 Серік Мырзалы. Философия. Алматы: Бастау, 2010. – 644 б.
- 14 Философиялық сөздік./ Редкол. Нұрғалиев Р., Ақмамбетов Ғ.Ғ., Әбділдин Ж.М. т.б. Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1996. – 525 б.
- 15 Шәкәрім Құдайбердіұлы. Жол табалық ақылмен. Шығармаларының бір томдық жинағы. Алматы: Халықаралық Абай клубы, 2006. – 736 б.
- 16 Рақымжанов Б. Шәкәрім дүниетанымы: оқу құралы. Қарағанды: Санат баспасы, 2009. – 164 .

References

- 1 Kulzhanova Zh.T. Legal Culture as the Determinant of Value Orientations in Youth in the Society of the Transition Period (Philosophical Analysis) // International Journal of environmental & Science Education, 2016, Vol.11, NO.12.
- 2 Baityrsynuly A. Akh zhol. Almaty: Zhalyn. – 1991. – P. 464.
- 3 Zhurtbai T. Sure soz. Almaty: Ekonomika. – 2005. – P.400.
- 4 Ostroumov N.P. Otchet Turkestanskoi uchitelskoi seminarii za XXV let ee sushestvovaniya. Tashkent, 1906. – P. 25.
- 5 Abai Kunanbaiuly. Abai shygarmalarynyn eki tomdyk tolyk zhinagy. – Almaty: Jazushy. T.2: Olender men audarmalar. – 2005. – P. 336.
- 6 Myrzahmetov M. Khazakh kalai orystandyryldy. Almaty: Atamura. – 1993. – P. 128.
- 7 Batygin G.S. Voprosy po natsionalnomy voprosy: Mezhnatsionalnye konflikty pri sotsializme. Novoe vremia. 1989, №18. – P. 25.
- 8 Zhumabaev M. Almaty: Zhazushy. – 2002. – P. 400.
- 9 Kamzabekuly D. Alashtyn ruhani tugyry. Astana: El-shejire. – 2008. – P. 357.
- 10 Toraigyrov S. Dunie dongelegi ainalady: tandamaly / red. Kairan A. Halykaralyk Abai kluby, Zhidebai. – 2009. – P. 350.
- 11 Aitmatov Sh. Gasyrdan da uzak kun. Astana: Audarma, 2011. – P. 456.
- 12 Kulzhanova Zh.T. Technology Development in the Terms of Built Environment Creation. Philosophical Analysis. // IEJME – Mathematics Education, 11 (7). 2016.
- 13 Serik Myrzaly. Filosofiya. Almaty: Bastau, 2010. – P. 644.
- 14 Filosofiialyk sozdik./ Redkol. Nurgaliev R., Akmambetov G.G., Abdildin J.M. t.b. Almaty: «Qazaq entsiklopediyasy», 1996. – P. 525.

15 Shakarim Kudaiberdiuly. Jol tabalyk akylymen. Shygarmalarynyn bir tomdyk jinagy. Almaty: Halykaralyk Abai kluby, 2006. – P. 736.

16 Rakymzhanov B. Shakarim dunietanymy: oku kuraly. Karagandy: Sanat baspasy, 2009. – P.164.

Проблемы преподавания «Независимого знания» в независимом Казахстане

*Муханбеткалиев Е.Е., к.филос.н.,
Аринов Е.К.*

Казахский агротехнический университет им. С. Сейфуллина,

В этой статье, авторы попытаются проанализировать и понять ценность государственной независимости, ведь именно независимость является хранителем национального кода и становления казахского менталитета, а так же дать оценку тем людям, которые во времена Царской России и Советского Союза были против системы оккупационного обучения.

Система образования очень важный сектор в любом государстве, и особенно важен этот сектор в жизни молодого государства, который только закладывает фундамент в свое будущее. Любая молодая страна должна максимально отделить свое образование от бывшей метрополии, да бы «излечить» дух раболепия в сердцах молодого государства.

Качественное образование – единственный путь к прогрессу сознания и деколонизации менталитета. Образование просвещает общество, раскрывает глаза на необходимые ценности и помогает складывать правильное мировоззрение. Сегодня мы пытаемся определить мнение и ценности наших граждан, их отношение к истории страны, к литературе родного языка, а так же как общественное мнение закрепляется в обществе. Поэтому авторы статьи ищет ответы на такие вопросы как: «Какая ситуация в отечественной науке?», «Может ли независимая наука определять независимое мнение?», «Произошло ли деколонизация в головах?», «Смогли ли мы избавиться от оккупационной, колониальной науки?».

Ключевые слова: независимость, колониальная политика, колониальное образование, сознание, самосознание, история, жадидизм, еуропацентризм, ориентализм, просветительство.

Problems of “independent” knowledge in independent Kazakhstan

*Mukhanbetkaliyev E, Candidate of Philosophy,
Arinov E.
Saken Seifullin Kazakh agrotechnical university*

Summary

In this article, the authors will try to analyze and understand the value of state independence, after all, independence is the keeper of the national code and the formation of Kazakh mentality, as well as to evaluate those people who, during Tsarist Russia and the Soviet Union, were against the system of occupation training.

The education system is a very important sector in any state, and this sector is especially important in the life of a young state, which only lays the foundation for its future. Any young country should, as much as possible, separate education from the former metropolis in order to “heal” the spirit of servility in the hearts of the young state.

Quality education is the only way to progress of consciousness and decolonization of mentality. Education educates society, opens its eyes to the necessary values and helps to put together the right outlook. Today we are trying to determine the opinions and values of our citizens, their attitude to the history of the country, to the literature of their native language, as well as how public opinion is fixed in society. Therefore, the author of the article is looking for answers to such questions as: “What is the situation in Kazakh science?”, “Can independent science determine independent opinion?”, “Has decolonization occurred in our heads?”, “Could we have gotten rid of occupation, colonial science?”.

Key words: independence, colonial politics, colonial education, consciousness, self-consciousness, history, greedism, europentrism, orientalism, enlightenment.